

Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай педагогикалық
колледжі» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны

Коммунальное
государственное
казенное предприятие
«Костанайский педагогический
колледж» Управления образования
акимата Костанайской области

ХАТТАМА

№ 1

04.02.2021 ж.

Қостанай қаласы

ПРОТОКОЛ

№ 1

04.02.2021 г.

город Костанай

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

Төрайымы- Мачнева Светлана Григорьевна
Хатшы - Жармухамбетова Алтынгүль Алдабергеновна
Қатысқандар: 9 Қамқоршылық кеңесінің мүшелері,
Шақырылғандар: 8 адам
(Уразамбетова Г.У., колледж директоры,
Ахат К.З., директордың ОІЖ орынбасары,
Баранова С.А., директордың ШЖ орынбасары,
Жунусова К.С., директордың ОПЖ орынбасары,
Кубжасарова Ж.И., директордың АТЖ орынбасары,
Морозенко С.М., директордың ОТЖ орынбасары,
Чуркина Т.А., директордың ҒӘЖ орынбасары
Колесникова Н.В., әдіскер)

КҮН ТӘРТІБІ

1. Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары туралы

*Нина Викторовна Колесникова,
колледж әдіскері*

2. Колледждің Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау

*Уразамбетова Галия Ульмесхановна,
колледж директоры*

3. Колледждің әкімшілік-басқару қызметкерлері мүшелерімен танысу

*Уразамбетова Галия Ульмесхановна,
колледж директоры*

4. Оқу-тәрбие үрдісінің заманауи материалдық базасын құру бойынша колледж жұмысы туралы

Жанар Илеусизовна Кубжасарова,

Отырыстың барысы

Бірінші сұрақ бойынша

ТЫҢДАДЫҚ:

Қостанай педагогикалық колледжінің әдіскері Колесникова Нина Викторовна. Ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібі туралы айтып берді. Үлгілік қағидалар "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44 – бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің (бұдан әрі-Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады. Қамқоршылық кеңестің құрамына: жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері; жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері; Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса); ата-аналар комитеті ұсынған сыныптардың, курстардың әрбір параллелінен осы білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасынан немесе заңды өкілінен; қайырымдылық жасаушылар (бар болса) кіреді. Қамқоршылық кеңес құрылатын білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары оның отырыстарына қатысады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері қол қоюға тиіс (есеп қоса беріледі).

ШЕШІЛДІ:

1. Ақпаратты қабылдау, "Әділет" сайтында білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015584> егжей-тегжейлі зерделеу.

Екінші сұрақ бойынша

ТЫҢДАДЫҚ:

Қостанай педагогикалық колледжінің директоры Уразамбетова Галия Ульмесхановна. Ол 2021 жылғы 22 қаңтардағы Қостанай облысы әкімдігі білім Басқармасының колледждің Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіткен №52 бұйрығымен таныстырды және Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесін таныстырды. Қамқоршылық кеңестің құрамына ата-аналар, педагогикалық еңбек ардагерлері, әлеуметтік серіктестер мен мемлекеттік органдардың өкілдері кірді. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес Қамқоршылық кеңестің хатшысы Білім беру ұйымының қызметкерлері қатарынан тағайындалады және Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды, колледж директорының бұйрығымен Қамқоршылық

кеңестің хатшысы болып Жармухамбетова Алтынгүль Алдабергеновна тағайындалды.

2018-2020 жылдары Қамқоршылық кеңестің төрайымы Светлана Григорьевна Мачнева 2021-2024 жылдарға Қамқоршылық кеңестің төрайымы болып Сауле Елеусизовна Каримованы сайлауды ұсынылды.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері бір ауыздан шешім қабылдап, Қамқоршылық кеңестің 2021-2024 жылдарға арналған жұмыс жоспары бекітілді. (Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары қоса беріледі).

ШЕШІЛДІ:

1. Қостанай педагогикалық колледжінің Қамқоршылық кеңесінің төрайымы болып Каримова Сәуле Елеусізқызы сайлансын.

2. Жоспарға сәйкес Қамқоршылық кеңесінің отырыстарын өткізілсін.

Үшінші сұрақ бойынша

ТЫҢДАДЫҚ:

Қостанай педагогикалық колледжінің директоры Уразамбетова Галия Ульмесхановна. Ол Қамқоршылық кеңестің бұрынғы құрамының жұмысы кезеңінде Қамқоршылық кеңес пен колледж әкімшілігі мүшелерінің көмегі, қолдауы, түсіністігі жақсы қарым-қатынас орнағанын айтты. Бүгінде колледжде басқарушылардың жоғары білікті командасы жұмыс істейді. Олармен танысайық. Колледж директорының орынбасарлары: Ахат Камар Закарияқызы, Баранова Светлана Анатольевна, Жунусова Кымбат Сагандыковна, Кубжасарова Жанар Илеусизовна, Морозенко Светлана Михайловна, Чуркина Татьяна Александровна өз қызметі туралы қысқаша ақпарат берді.

ШЕШІЛДІ:

Колледж директорының орынбасарларымен бірлесіп жұмыс атқару.

Төртінші сұрақ бойынша

ТЫҢДАДЫҚ:

Кубжасарова Жанар Илеусизовна, директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары. Ол Қамқоршылық кеңес мүшелерін колледждің оқу-тәрбие процесінің заманауи материалдық базасын құру жөніндегі жұмысы туралы хабардар етті. Колледжде оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігін арттыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Жаңа заманауи кабинеттер құрылды, сондай-ақ кабинеттерді, шеберханалар мен зертханаларды қайта жабдықтау бойынша жұмыс жүргізілуде. Үш жыл ішінде колледж 42 кабинетпен, шеберханалармен және зертханалармен жабдықталды. 59 оқу кабинеттерінің 13 – і мультимедиялық жабдықтармен, 14 - і интерактивті тақталармен, 7 – і интерактивті панельдермен, 1-і мультимедиялық подиумдармен жабдықталған. Колледжде 7 компьютерлік сынып және 2 мобильді-портативті сынып бар, оқу процесіне арналған компьютерлердің жалпы саны-118 бірлік. Ағымдағы жылдың наурыз айында колледж 1 848 000 (бір миллион сегіз жүз қырық сегіз мың теңге) теңге сомасына "Platonus College" қашықтықтан оқыту платформасы мен 595 000 теңге сомасына сервер сатып алды.

Колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерінде дербес компьютерлер, принтерлер және көпфункционалды құрылғылар, веб-камералар бар.

Электронды оқу залында студенттерге қызмет көрсету орталығы құрылды: 7 моноблок және студенттер мен оқытушылардың Құжаттарды басып шығару мүмкіндігі бар.

Тәрбие процесінде студенттерді дамыту үшін Жастар ісі жөніндегі Комитетке мынадай жабдықтар сатып алынды: ноутбук, квадрокоптер, штативі бар камералар, фотоаппараттар, портативті колонкалар және т. б.

Ғылыми-әдістемелік қызмет үшін баспахана жасауға арналған жабдық, ризограф, ламинатор сатып алынды.

Колледж қаражаты есебінен кадрларды даярлау бағдарламасына және оқу орнының материалдық-техникалық базасын жарақтандыру үшін 34 миллион теңгеге "Қостанай облысының ТЖКБ үздік ұйымы" ақшалай сертификатына сәйкес нарықта бар соңғы стандарттарға сәйкес келетін цифрлық дағдыларды дамыту үшін заманауи жабдық сатып алынды

Колледждің материалдық базасын жабдықтау бойынша бейнероликті көрсетуге рұқсат етіңіздер.

ШЕШІЛДІ:

1. Колледждің материалдық-техникалық базасын нығайтуға және жетілдіруге көмек көрсету.

Төрайым



С.Каримова










Хатшы



А. Жармухамбетова

**Қамқоршылық кеңесі отырысына
қатысқандар тізімі
04.02.2021 жыл**

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Каримова Сауле Елеусизовна 
2. Азимжанова Сауле Ирккановна 
3. Венгерская Елена Владимировна 
4. Дуюсова Асия Есенгельдыевна 
5. Кайнешова Асель Багабаевна 
6. Карымсакова Лаура Олжабаевна 
7. Мачнева Светлана Григорьевна 
8. Нетаева Тоита Резвановна 
9. Утельбаева Галина Петровна 

Шақырылғандар:

1. Уразамбетова Галия Ульмесхановна
2. Ахат Камар Закарияновна
3. Баранова Светлана Анатольевна
4. Жунусова Кымбат Сагандыковна
5. Морозенко Светлана Михайловна
6. Кубжасарова Жанар Илеусизовна
7. Чуркина Татьяна Александровна
8. Колесникова Нина Викторовна